

және инновациялық әлеуетін көтеруге қолдануы, сол арқылы халыққа жоғары өмір сапасын қамтамасыз ету қабілеті».

Бәсекеге қабілеттілікті көтерудің аймақтық саясаты аймақтық даму типіне байланысты дифференциациялануы керек. Елдің және аймақтар экономикасының бәсекеге қабілеттілігін көтеру механизмінің кілтті элементтері келесілер болуы тиіс: мемлекеттік сектор әріптестігі, корпоративті басқару, жоғары инновациялық белсенділік территорияларын құру, жүйелік құрылымдардың түрлері, олардың ішінде негізгі кластерлер болып табылады.

Қазақстан алдындағы елу бәсекеге қабілетті елдің қатарына қосылу мақсаты тұр, алайда елулікке кірудің ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің және қазақстандықтардың өмір сапасының жоғары деңгейлерін қамтамасыз ете алуы маңыздырақ мәселе болып табылады.

1. Экономика. Учебник /под ред. А.И.Архипова, А.Н. Нестеренко, А.К. Большакова. - М.: "Проспект", 1998. - 326 с.

2. Адрианов В.Д. Конкурентоспособность России в мировой экономике/В.Д. Адрианов//Мировая экономика и международные отношения.- 2000.- №3.- С. 17-57.

3. Ахметгалиев Б.Р. Конкурентоспособность экономики Казахстана: реалии и перспективы // Анализ и учет на предприятия. - 2004.- №4. - С. 4-7.

4. Абилкаиров А. Конкурентоспособность страны в условиях глобализации // ҚазЭУ Хабаршысы. – 2005. - №5. – С. 42-44

5. Фатхутдинов. Конкурентоспособность: Россия и мир. – М., Бизнес-школа «Интел-Сервис», 2005. –358 с.

6. Демеуова Г.Б. Конкурентоспособность экономики Казахстана // Вестник университета «Туран». - 2009. - № 1. – С. 55-58

7. The Global Competitiveness Report 2006-2007, 2007-2008, 2008-2009, 2009-2010, 2010-2011 World Economic Forum.

8. Белаш А.И. Опыт экономической интеграции в Европе// Сб. "Управление, регулирование и хозяйственный механизм регионального развития". - Москва: СОПС и ЭС, 1992; <http://www.dialogvn.ru/uk/2002/n04/s02-4-05.htm>

Эта статья посвящена теме национальной конкурентоспособности. В статье раскрывается понятие конкурентоспособности национальной экономики, критерии оценки и пути повышения национальной конкурентоспособности.

This article devoted to the topic of national competitiveness. The article deals with the concept of national competitiveness, evaluation criteria and ways of improving national competitiveness.

Ж. Дүйсенбайқызы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТОҚЫМА ЖӘНЕ ТІГІН ӨНЕРКӘСІБІ КӘСПОРЫНДАРЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі басты назар аудартатын бағыттарының бірі – жеңіл өнеркәсіп саласы. Бүгінгі күні тұтыну тауарлары нарығының арасында жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің нарығы – сыйымдылығы анағұрлым кең нарықтардың бірі, бірақ та ол кез келген елдің ішкі нарығының осал секторының бірі болып табылады.

Жергілікті шикізат ресурстарына бағытталған Қазақстанның тігін және тоқыма өнеркәсібі Алматыдағы трикотаж шұға және мақта иіретін фабрикаларымен, Семейдегі шұға комбинатымен және аяқ киім және шұлық фабрикаларымен, Қостанайдағы аяқ киім және тоқыма фабрикаларымен, Қызылордадағы және Семейдегі, Жабылдағы тері жасау кәсіпорындарымен, Алматылық мақта-мата, Қостанайлық камвал-шұға, Жамбылдық тері-аяқ киім жасау коминаттарымен, қарағандыдағы шұлық және аяқ киім фабрикаларымен,

Жезқазған және Ақтөбедегі киім трикотаж фабрикаларымен, Семейдегі жоғары трикотаж фабрикаларымен көрсетілген.

Жеңіл өнеркәсіп тұтынудың әр түрлі құралдарын енгізуді және еңбек ресурстарын ұтымды қолдануға мүмкіндік беретін, республиканың әрбір экономикалық аймағының жиынтық дамуының қажетті негізі болып табылады. Жүздеген жылдар бойы бұл сала Қазақстанның экономикалық өмірінде негізгі рөлді атқарды: ол бюджеттік түсімдердің 30 пайызын берді және 140 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтыды.

Басқа елдермен салыстырғанда, Қазақстанда бәсеке қабілетті өнімді өндіру үшін барлық қажеттілер бар және осының арқасында экспорт пен импорттың құрылымын өзгертуге болады. Осындай жағдайларда тоқыма және тігін өнеркәсібінің отандық өндірісін дамыту арқылы импортталын тауарларды ығыстыру мақсатында импортты алмастыратын стратегияны пайдалану төтенше маңызды болып келеді.

Тігін өнеркәсібі өніміне сұраныс көбінесе оның сапасына тәуелді болып келеді. Матаның төмен сапасы мен ақаулары, нашар бояуы, мата түстерінің шектелген түрлігі мен құрылымы түпкілікті өнім сапасына кері әсер етеді. Өнімге бағалар, негізінен, Қытайдан келетін ұқсас өнімге қарағанда жоғары, бірақ, Польшадан, Түркиядан және Ираннан түсетін өнімдерге қарағанда төмен болады. Былғары аяқ киіміне ішкі сұраныс төмендеді және аяқкиімге ішкі сұраныстың маңызды бөлігі импорттың есебінде қанағаттанады. Мысалы, соңғы жылдары аяқ киім нарығының сыйымдылығы 6082,1 мың жұптарды құрады, олардың ішіндегі тек 17,7%-ы немесе 1078,1 мың жұбы Қазақстанда жасалды, ал 5004 жұбы немесе 82,3%-ы импортталды. Осылайша, экономикалық реформалардың қадамында импортты алмастыру Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі экономикасын көтерудің бастапқы бағыттары болып қалуда. Осыған негізделе отырып, жеке нарықты қорғау – бұл объективтік қажеттілік болып табылатындығын айту керек.

Мамандардың бағалаулары бойынша, өндірістік емес тауарлар тобының нарығы жылына 1,5-тен 3 млн. долларға дейін ауытқиды. Шамамен, бұл өнімнің 2/3 бөлігі – жеңіл өнеркәсіп өнімі, оның ішінде ішкі нарықтың отандық өнімі - 5 %. Қазақстанның ішкі нарығында қалған өнімдер шетел өндірушілеріне тиесілі болып табылады.

2008-2010 жылдарға арналған саланың ағымдағы жай-күйін, тоқыма және тігін өнімдерінің әлемдік нарығының конъюнктураларын, әлемдік брэндтерді пайдаланудың табысты тәжірибесін есепке алғанда саланы дамытудың стратегиялық бағыттары айқындалды. Аталған кезеңде жаппай пайдалану үшін тоқыма және тігін өнімдері өндірісін дамыту, Fast fashion сегменті өндірісін дамыту көзделіп отыр.

Бірінші бағыт бойынша даму тоқыма өнімдері импортының көлемі 14 млрд АҚШ долларынан астам қаражатты құрайтын Қытайдың нарығына енуді көздейді. Бұның басты себебі Қытайда мата өндіру деңгейінің жеткіліксіздігі және олардың әлемдік нарықта қабылданған сапа өлшемдеріне сәйкес келмеуі болып табылады.

Сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі үлесі 20-30 пайыз болатын екінші стратегиялық бағыт бойынша fast fashion сегментінде белгілі брэндтерді пайдалану, жабдықтарды жаңалау және өндірісті жаңғырту, инновациялық технологияларды енгізу арқылы жұмыстар жүргізіледі. Бұл бағытта тауар өткізілетін негізгі рыноктар ретінде әлеуметтік-экономикалық ахуалдың жақсару үрдісі байқалатын Орталық Азия елдері және Ресей назарға алынып отыр. Қазақстандық компаниялардың өнімдері орта тапқа бағдарланған. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, тоқыма саласының дамуына компаниялардың талшықтар мен жіп дайындаудан бастап дайын тігін бұйымдарын өндіруге дейін – тұйықталған өндіріс циклы бар холдингтерге экономикалық және стратегиялық пайдалы бірлесулері ықпалын тигізеді.

Бәсекеге қабілетті тоқыма сегментін құру қосылған құнды ұлғайтып және тігін кәсіпорындарында одан әрі өңдеу үшін өнім өндіруді жолға қойып, елімізде өндірілетін мақтаны қайта өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл стратегия Оңтүстік Қазақстан облысында «Оңтүстік» АЭА-ның дамуы бойынша бағдарламада көрініс тауып отыр.

Тұтыну деңгейі бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімдері азық-түлік өнімдерінен кейін екінші орынды алады, осыған байланысты оның маңыздылығы анықталады. Жеңіл өнеркәсіптің

экономикалық және стратегиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі, еңбекке қабілетті тұрғындарды жұмыспен қамтудағы және жаңа геосаяси жағдайлардағы өмір сүру деңгейін жоғарылатудағы ролін ескере отырып әлемнің алдыңғы қатарлы елдері саланың дамуына аса зор көңіл аударады және оған инвестициялық қолдау көрсетеді.

Саланың дамуының жалпы тенденциясы елдің өнеркәсіп көлеміндегі үлесінің төмендеуімен сипатталады, соның салдарынан жұмыс орындары қысқарып, отандық тауар өндірушілерді шетелдік өндірушілер ішкі нарықтан ығыстыруда. Тұрғындардың жұмыспен қамтылу мәселесі аса өткір болып отыр. Мысалы, 2005 жылы жеңіл өнеркәсіпте жұмыс істеушілер саны 20,0 мың адамға жуық болса, 1 қаңтар 2010 жылғы мәліметтер бойынша 13,7 мың адамға дейін қысқарған, соның салдарынан әлеуметтік қысым өсуде.

Экономикалық қызметтердің Мемлекеттік Классификаторына сәйкес Қазақстан Республикасының жеңіл өнеркәсібі 3 экономикалық қызмет түрлерін қарастырады – тоқыма бұйымдары өндірісі, киім-кешек өндірісі, теріден және соған жататын өнімдер өндірісі және олардың 14 түрлері.

Шығарылатын өнімдер құрылымында мата, киім-кешек, аяқ-киім, тоқыма, шұлықтар, жүн бұйымдары, бас киімдермен қатар мақта талшықтары және қарулы күтер ведомстволары үшін заттық мүліктер өндірісінің шекті көлемі жоғары.

1-кесте

2004-2008 ж.ж. негізгі капиталға инвестиция салу, млн. тенге

	Жыл					2008 ж. 2007 ж салыстырғанда, %
	2004	2005	2006	2007	2008	
Өңдеуші өнеркәсіп	182844	274289	313579	322662	363040	112,5
Тоқыма өндірісі	6873	7692	6256	3116	359	11,5
Киім-кешек өндіру, теріні өңдеу және бояу	255	168	435	437	179	40,7
Тері өндірісі және теріден киім-кешек, аяқ киім өндіру	169	645	1669	1273	116	9,1

Ескертпе: «Қазақстан 2008 жылы» Статистикалық жылнамасы// ҚР Статистика Агенттігі, 2009 ж

Сонымен қатар сала тұрғындардың медициналық мақсаттағы бұйымдарға, шаруашылық субъектілерінің арнайы жұмыс киімдері мен аяқ киімдерге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады. Саланың ерекшеліктерінің қатарына салынған қаражаттардың жылдам және жоғары тиімділікпен қайтарылуын, дәстүрлі әйелдер еңбегін қолдануды және жоғары әлеуметтік маңыздылығын атауға болады.

Жеңіл өнеркәсіп саласындағы ұзаққа созылған дағдарыс жылдан-жылға өндіріс көлемінің құлдырауына әкелуде. 2005-2009 жылдар аралығында саланың республиканың өнеркәсіп құрылымындағы үлесі 2,2 %-дан 0,8 %, төмендеген, бұдан өнеркәсіптің ішкі жиынтық өнімдегі үлесі 2005 жылғы 0,62 %-дан 2009 жылы 0,27 %-ға жеткен. Жеңіл өнеркәсіптің нашар дамуын 1-кестедегі мәліметтерден байқауға болады.

2008 жылы өңдеуші өнеркәсіптің негізгі капиталына салынған жалпы инвестиция көлемінің тоқыма өндірісіне салынған мөлшері 0,1%, киім-кешек, тері өңдеу және бояу өндірісіне 0,04% құраған.

Мақта талшықтарының өндірісі 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 22877 т өскен, мақта матасын өндіру 9% артқан, жүннен иірілген жіп өндірісі 2009 жылы екі есеге жуық төмендеген. Тоқыма және тігін бұйымдары өндірісінде келесі түрлер бойынша өсу қарқыны байқалады:

- 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы ворс, мохер маталары бойынша өндіріс көлемінің өсу қарқыны 172%;

- свитер, жемпір және басқа да тоқыма бұйымдары – 75%;

- аяқ-киім өндірісі бойынша – 4%.

Өндірістің төмендеуі келесі өнім түрлері бойынша байқалады:

- қолмен және машинамен тоқылған нәскилер 64 мың жұп;

- маталар бойынша 155 мың шаршы метр.


2005-2009 ж.ж. жекелеген тауарлар топтары бойынша бөлшек сауда айналымы

Көрсеткіш атауы	Жылдар					2008 ж. 2009 ж. салыстырғанда
	2005	2006	2007	2008	2009	
Киім-кешек	104,5	104,3	111,8	116,9	137,3	117,4
Тоқыма бұйымдары	24,6	28,4	31,1	33,0	42,1	127,5
Аяқ-киім	44,8	49,2	50,0	56,7	62,2	109,7

Ескертпе: «Қазақстан 2009 жылы» Статистикалық жылнамасы// ҚР Статистика Агенттігі, 2010 ж

2-кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша жекелеген тауарлар топтары бойынша бөлшек сауда айналымы мыналарды тұтыну мөлшері артқанын көрсетеді:

- 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы киім-кешек тұтыну 20,4 млрд теңгеге немесе 17,4% жоғарылаған;
- тоқыма бұйымдарын тұтыну 9,1 млрд теңгеге немесе 27,5%;
- аяқ-киім 5,5 млрд теңгеге немесе 9,7%.



1-сурет. Жекелеген өнім түрлерінің тауар айналымындағы шекті салмағы

Мемлекеттік қолдау шеңберінде 2005 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жалпы территориясы 200 гектарға жуық «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы құрылған, оның басты мақсаты тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін жағдай және қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті өнім өндіруге көшудің алғы шарттарын жасау, онда 2030 жылға дейін инвесторлар табыс салығынан, мүлік және жер салығынан, кеден баждарын босатылады.

Ішкі нарықтың қиянатшыл импорттан қорғалмалуы, айналым құралдарының жеткіліксіздігі, бюджет пен жабдықтаушылардың алдындағы кәсіпорындардың өспелі қарыздары, жабдықтардың техникалық жағдайының төменгі деңгейі, оның моральды және физикалық тозуы, кәсіпкерлердің жеңіл өнеркәсіпке салымдарды салуға қызығушылықтарының болмауы - саланың дамуын тежейді, несиелеудің жоғары қойылымдары кәсіпорындарға банктердің несиелерін қолдануға мүмкіншілік бермейді, өз кезегінде, банктер тәуекелдерге жүгіне отырып, сала кәсіпорынын несиелеуге бармайды.

Осындай шарттарда жеңіл өнеркәсіптің дамуы – бәсекеге қабілетті өнімді шығаратын, отандық өндірістерді бекітуге және кеңейтуге арналған шарттарды құруға, шығарылатын тауарлардың сапасы мен тұтынушылық қасиеттерін жақсарту есебінде импортталатын тауарларды ығыстыруына байланысты. Капиталдың жоғары айналымды соңғы тұтынуының саласы бола отырып жеңіл өнеркәсіп қысқа мерзімде ел экономикасын жандандыра алады, жұмыс орындарын құра алады, сауда бизнесінен өнеркәсіптік аймаққа капиталдың ағынына әрекеттесе алады.

Біздің ойымызша, өндірістік қуаттылықтарды дамыту үшін тиімді экономикалық шарттарды дамыту қажет, нормативтік және заң берушілік актілерді жетілдіру, ғылыми-техни-

калық прогресстің жетістіктерін қолдану, жаңа технологияларды енгізу, өткізу нарықтарын кеңейту, бәсекеге қабілетті өнімді дамыту, тоқыма және тігін кәсіпорындарының тиімділігін арттыру арқылы тоқыма және тігін өнеркәсібінің және халық шаруашылығының аралас салаларын дамытудың бірлескен шешімдерін, дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру қажет болып табылады.

1.Худова, Л.Главная. Задача – создание условий для развития и расширение отечественных производств// Успех, 2003, №5. – С.4 -5.

2. Тажиева З. Современное состояние и тенденции развития легкой промышленности РК// Транзитная экономика, 2003, №3. – С. 27- 38.

3.Шатерниева. А.В. В поисках нити Ариадны// деловая неделя, 05.04.02.

4. Капкаев А.А. Динамика развивающихся текстильных рынков Китая, Турции, Индии// Текстильная промышленность 2005, №12. – С. 22 -29.

5. Джумасейтова А.К. Оценка развития предприятий легкой промышленности // КазЭУ хабаршысы, 2002, №6, С.41- 44.

В статье проанализированы тенденции развития текстильной и швейной промышленности в Казахстане и рассмотрены основные тенденции этой сферы.

In this article, author analyzes the trends in textile and clothing industry in Kazakhstan and considers the main trends in this sphere.

М.Т. Кенжебаева

ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К ОПРЕДЕЛЕНИЮ ПРОМЫШЛЕННОЙ ПОЛИТИКИ

В экономической литературе промышленной политике уделялось и уделяется явно недостаточное внимание. Промышленная политика государства как часть общей экономической политики является одной из наиболее широко обсуждаемых и, одновременно, одной из наиболее спорных концепций в экономической литературе. Во время Второй мировой войны и первые десятилетия после ее окончания промышленная политика многих стран во многом была связана с прямым регулированием государством. Государственный сектор в этот период составлял значительную долю - 30-35% и до 40%. В результате нарастающих процессов приватизации эволюция проходила в направлении перехода от прямых методов регулирования промышленного развития со стороны государства к косвенным методам регулирования на основе промышленной политики. То есть необходимость создания сложных бюрократических структур в целях детального регламентирования промышленной политики постепенно отпадала, но ни одно даже высокоразвитое в промышленном отношении государство до сих пор не отказалось от методов государственного регулирования промышленной политики.

Сам термин «политика» (от греч. politike) означает 1) деятельность органов государственной власти, партий, общественных групп в области внутригосударственного управления и международных отношений, соответствующая их интересам и целям; 2) совокупность вопросов внутренней и международной общественной жизни; 3) характер чего-либо поведения, направленный на достижение определенной цели.

В плановой экономике понятие экономической политики почти полностью сливалось с понятием промышленной политики, поскольку основным инструментом разрешения проблемы продуктовых дефицитов являлся маневр государственными капитальными вложениями. Вероятно поэтому, призывы к активной промышленной политике в первой